

Жылдық есеп

«Жақия» Қайырымдылық қоры» Қоғамдық қоры

КҮНТІЗБЕЛІК АҒЫМ

2014 ЖЫЛҒА

2013 – ЖЫЛДАН БАСТАП МЫНАДАЙ ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА:

1. Білім беру гранттары бағдарламасы;
2. "Күлкіңді сыйла" стоматологиялық көмек беру бағдарламасы;
 - Осы бағдарлама аясында "Гигиена сабақтары" жобасы жүзеге асырылады: "Тісті қалай дұрыс тазалау керек?" бейне – ролик түсірілген.
3. Оқу орындарына қолдау көрсету бағдарламасы;

1. Білім беру гранттары бағдарламасы

Қаңтар айынан мамыр айына дейінгі аралықта студенттердің сабақ үлгеріміне, қатысуына, тәртібіне байланысты топ жетекшілері мен декандарына тікелей қоңырай шалу арқылы мониторинг жүргізілді:

1. *Сабыржанова Ботагоз Талғатқызы* – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің 3 – курс студенті. Мамандығы – биология.
2. *Қойшыбай Гүлдана Жасқайратқызы* - Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің 3 – курс студенті. Мамандығы – биология.
3. *Нұрланқызы Малика* – С.Баишев атындағы Ақтөбе университетінің 3 – курс студенті. Мамандығы – экология.
4. *Жанаева Алтын-Алқа Булатқызы* - Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің 1 – курс студенті. Мамандығы – биология.
5. *Орынбасарова Гүлнұр Мұхтарқызы* – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің (Алматы қаласы) 1 – курс студенті. Мамандығы – қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті.

6. Абулхаликова Асем Алмасовна – Қазақстан инженерлі – педагогикалық Халықтар достастығы университетінің (Шымкент қаласы) 4 – курс студенті. Мамандығы – дизайн.

Ақпан айынан бастап *Орынбасарова Гүлнұр* мемлекеттік грант негізіне ауысып, Білім беру бағдарламасының Ережесіне сай стипендиат атаны. Оған қор есебінен 20 000 теңге айлық шәкіртақы тағайындалды; (Бұйрық көшірмесі тіркелген).

2014 – 2015 оқу жылының грант иегерлері:

1. *Байшотанова Дана Уразбайқызы* – Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Қызылжұлдыз орта мектебінің түлегі. С.Баишев атындағы Ақтөбе университетіне оқуға түсті. Мамандығы – дизайн.
2. *Сызбулатова Айдана Таңатарқызы* - Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Қызылжұлдыз орта мектебінің түлегі. С.Баишев атындағы Ақтөбе университетіне оқуға түсті. Мамандығы – мемлекеттік және жергілікті басқару.
3. *Құдайбергенова Ақгүл Болатқызы* - Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Қызылжұлдыз орта мектебінің түлегі. С.Баишев атындағы Ақтөбе университетіне оқуға түсті. Мамандығы – ағылшын тілі.

Қосымша өтініш негізінде SOS Алматы балалар қалашығының тәрбиеленушісі *Титова Светлана* Қазақ – Неміс университетіне (Алматы қаласы) оқуға түсті. Мамандығы – халықаралық қатынастар.

2 . "Күлкіңді сыйла" стоматологиялық көмек беру бағдарламасы

Мақсатты аудитория: Алматы қаласы мен Алматы облысындағы жағдайы төмен отбасылардан шыққан балаларға арналған мектеп-интернаттар мен балалар үйінің тәрбиеленушілері. Қолдау қызметі соның ішінде: SOS Алматы балалар қалашығының, жағдайы төмен отбасылардан шыққан балаларға арналған №10 мектеп – интернатының, №1, №2 балалар үйінің, «Перзент» отбасылық балалар үйінің және №1 Облыстық балалар үйінің тәрбиеленушілеріне көрсетіледі.

Жүзеге асу мерзімі: 2013 – 2015 жыл аралығы.

Стоматологиялық қызметтер мынадай шығындарды өтейді:

- Ортодонтиялық қызметтер, микропротездеу, тіс кариесін емдеу;
- Мерзімді медициналық тексерулер, табакшаларды ауыстыру, брекет шешу;

Ай сайын тіс емханаларына бару кестесіне сәйкес балалар үйіндегі тәрбиеленушілер профилактикалық тексеруден өтеді;

2013 – 2014 жыл аралығындағы қаржылық шығын есебі төмендегі кестеде көрсетілген:

Атауы	Жалпы балалар саны	2013 жылдың мамыр айында емдік тексеруден өткендер	05_2013-12_2013 аралығындағы емделген балалар саны	05_2013	06_2013	07_2013	08_2013	09_2013	10_2013	11_2013	12_2013	қорытынды
Облыстық балалар үйі	199	39	26	838000	474015	83005	150000					1545020
№1 балалар үйі	152	83	87					1561235	2175185	1494090	106750	5337260
№2 балалар үйі	71	12	11					648095	166010	300000		1114105
№10 мектеп - интернаты	87	22	11				364040	32020	24015	16010		436085
SOS Балалар қалашығы	120	32	41	506105	486925	369765	104160		233005	75000	150000	1924960
"Перзент" балалар үйі	38	15	17			96410	789635	150000	150000	123495	5470	1315010
Қорытынды	667	203	193	1344105	960940	549180	1407835	2391350	2748215	2008595	262220	11672440

Атауы	01_2014-12_2014 аралығындағы жаңа балалар жаны	01_2014	02_2014	03_2014	05_2013	07_2014	09_2014	10_2014	11_2015	12_2016	қорытынды
Облыстық балалар үйі	9		75000			505085	225000	150000		75000	3555510
№1 балалар үйі	7	169745	5245		50815				248275		474080
№2 балалар үйі	3		28480	11470		8005	4010				91990
№10 мектеп - интернаты	4							10005	210595	16010	236610
SOS Балалар қалашығы	6		150000	300000	96570			75000			621570

"Перзент" балалар үйі	0										0
Қорытынды	29	169745	258725	311470	147385	513090	229010	235005	458870	91010	4979760

Осылайша, 2013 – 2014 жыл аралығында 222 балаға стоматологиялық көмек көрсетілген. Тәрбиеленушілерді емдеу орнына жеткізу мен қайта тасымалдау қор есебінен қамтамасыз етіледі.


Тасымалдау қызметіне кеткен шығын есебі 437 000 теңгені құрайды.

Стоматологиялық емдеу және алдын алу процедураларының шығыны 3 айдан 2,5 жыл уақытқа дейін бүкіл емдеу кезеңінде Қор тарапынан төленеді.

Емдеу барысының барлық кезеңінде балалар тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлар мен ортодонтиялық емдеу, тамақтану және гигиена ережелерін қадағалайтын педиатрлармен тығыз байланыста болады. Бағдарламаға қатысатын барлық балалар тіс пастасы, тіс щеткелерімен қамтамасыз етіледі.

Балалардың ортодонтиялық аппаратта ем қабылдағанға дейін және кейін салған суреттерінің картотекасы жинақталады.

Балалар қалашығы тәрбиеленушілерінің жазбаша пікірлері:



"Гигиена сабақтары" жобасы

Биыл балалар үйінде жүргізілген ауыз қуысы гигиенасының профилактикасына арналған *"Гигиена сабақтары"* жобасы өз мәресіне жетті.

С.Д. Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университеті стоматология факультетінің студенттері Қазақстандағы еріктілер қызметіне қосқан үлесі үшін алғыс хаттармен марапатталды. Сондай – ақ, нәтижелі серіктестік пен қолдау көрсеткендері үшін осы университеттің ректоры мен деканына да алғыс жарияланды.



Ауыз қуысы гигиенасының профилактикасына арналған "Тісті қалай дұрыс тазалау керек?" бейне - сабағының көрсетілімі.

«Тісті қалай дұрыс тазалау керек?» атты бейне – сабақ "Күлкінді сыйла" стоматологиялық көмек бағдарламасы *"Жақия" Қайырымдылық қоры* Қоғамдық қорының тапсырысы бойынша балалар үйінің тәрбиеленушілерінің қатысуымен түсірілген.

Бейне – оқулық балаларға ауыз қуысы гигиенасы жөнінде толық мағлұмат беру мақсатын көздеген *"Гигиена сабақтары"* еріктілер бағдарламасының жалғасына айналды.

Сабақтар Қазақ ұлттық медицина университетінің ерікті студенттерінің қатысуымен шағын топтарда өткізілді.

Жалпы, жоба бойынша №1, №2 балалар үйі, №1 облыстық балалар үйі, "Перзент" отбасылық балалар үйі және аз қамтылған балаларға арналған

№10 мектеп-интернатынан *1000 бала* қамтылған. Әрбіріне тіс пастасы мен тіс щеткасы табысталып, тіс тазалау үрдісі ретімен көрсетілген демонстрациялы плакаттар тарту етілді.

Бейне - сабақтарды білім беру және денсаулық сақтау мекемелерінде пайдалануға болады. Ол қазақ және орыс тілдерінде дайындалған.

Роликті www.zhakiya.kz сайтынан және қордың әлеуметтік парақшаларынан көруге болады. Сонымен қатар ролик айналым үрдісі іске асатын денсаулық сақтау мекемелеріне (балалар емханасы, санаториялар, ауруханалар) жіберілді.

<https://www.youtube.com/watch?v=2IpYX1QGuRI>

<https://www.youtube.com/watch?v=vu6IfuOyRu0>



"Нұр" отбасылық балалар үйіндегі "Гигиена сабақтары"

16 қазан күні Талғар қаласындағы «НҰР» отбасылық балалар үйінде болып қайттық. Бізді жылы шыраймен осы үйдің анасы Тұяқ Ескожина Қазкенқызы қарсы алды. Кездесу интерактивті түрде өтті: таныстық жүргізілді, тіс және гигиена туралы сұрақтар талқыланды, "Тісті қалай дұрыс тазалау керек?" бейне - сабағы көрсетілді, макеттер бойынша балалардың білімдерін бекітіп, соңында балаларда тіс жегі, жалпы тістерінің саулығын анықтау мақсатында толық тексерістен өткізілді. Балалар белсенді түрде процеске араласып, ерікті студенттермен тез тіл табысып кетті. (С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінің 4-ші курс студенттері, 1 – 2, 7 – 1 топтар.)



«Күлкіңді сыйла» байқауы

Стоматологиялық көмек көрсету бағдарламасы қаңтар - мамыр айлары аралығында "Күлкіңді сыйла" атты балалар салған суреттер, фотосуреттер мен комикстер байқауы ұйымдастырылды. Сайыстың қорытындысы 1 маусымда жарияланды.

«Күлкіңді сыйла» байқауына SOS балалар қалашығынан, №2 Балалар үйінен, №1 балалар үйінен, №1 облыстық балалар үйінен және аз қамтылған балаларға арналған №10 мектеп-интернаттан жалпы 92 бала қатысты.

Қазылар алқасының құрамы:

1. *Сәкен Жақсыбаев* - Fashion-продюсер, киім дизайнер.
2. *Ян Рей* - Fashion - фотограф, "EAT Models" модельдеу агенттігінің директоры.
3. *Дана Орманбаева* - Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, публицист, "APM group event" холдингінің басқарушы серіктесі.
4. *Жанат Оразбекова* - Қазақстандағы Louis Vuitton дүкенінің менеджері.
5. *Камила Исембаева* - жоғары дәрежелі дәрігер-стоматолог, «Альфа-Стом» халықаралық имплантация және стоматология орталығының директоры.

(«Сурет» номинациясы бойынша 32 000 теңге қаржыға сыйлық тағайындаған демеушілер)

6. *Дмитрий Первеев* - "Жақия" Қайырымдылық қоры" Қоғамдық қорының президенті.

7. *Досбол Қасымов* - суретші, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері.





Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды

Қазақ ұлттық медицина университетінің стоматология институты мен "Жақия" қайырымдылық қоры 2014 жылдың қараша айында өзара пайдалы мақсатқа негізделген бірлесіп қызмет ету туралы меморандумға қол қойды.

Меморандумның мақсаты: балалар үйінің балалары мен жасөспірімдеріне стоматологиялық көмек көрсетуде және сауықтыруда бірлесіп әрекет ету, сондай-ақ тіс гигиенасын түсіндіріп, алдын алу шараларын жүргізу.

Бірлескен ынтымақтастық стоматологиялық қызметтерге ие болумен қатар тіс жегісінің алдын алуда нәтижеге қол жеткізуге бағытталған.

Тараптар сондай-ақ, стоматологиялық бірлескен жобаларға стоматология саласындағы негізгі бағыттар мен білімді игеріп, мәлімет ұсына алатын студенттер мен интерндерді қатыстыру туралы келісімге келді.


Институт "Әрдайым күліп жүр" жобасын жүзеге асыру аясында Алматы облысы мен басқа аудандардағы ортодонтиялық көмекке мұқтаж жетім балалар туралы мәліметпен Қорды хабардар етіп тұрады.

3. Оқу орындарын қолдау бағдарламасы.

Балалардың мемлекеттік стандартқа сай бірыңғай білім алуы мен әлеуметтік қамтамасыз етілуі мақсатында мемлекеттік мекемелерге адрессті қаржылай көмек көрсету. Оқушылардың дамуына ықпал ететін педагогикалық жағдай жасауға жәрдемдесу.

Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Қызылжұлдыз ауылдық округінің орта мектебіне көмек және қолдау көрсету.

Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Қызылжұлдыз орта мектебінің акт залы үшін 750 000 теңгеге сахналық перде арнайы әзірленген. Енді оқушылар ғана емес, ауыл тұрғындары да кездесулер мен концерттік қойылымдар кезінде дәстүрлі нақышқа сай безендірілген сахналық мінбеде бой көрсете алады.



Мектепке бағасы 85 600 теңге тұратын 2 микрофон табысталды.



Жаңа жылдық мереке қарсаңында төменгі сынып оқушылары мен балабақша тәрбиеленушілеріне 176 800 теңге көлемінде жаңа жылдық тәттілер сыйға тартылды.



Материалдық қолдау.


№2 балалар үйіндегі 43 адамнан тұратын әйелдер ұжымына 8 – наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай қаржылай сыйақы тағайындалды.



«Түрлену курсы» шеберлік - сыныбы

№2 Алматы қалалық балалар үйінде «Қыз елдің көркі» бағдарламасы аясында қыздар мен тәрбиешілер үшін «Түрлену курсы» негізінде шеберлік – сыныбы өткізілді. *Жанат Оразбекова, Перизат Ошақбаев және Индира Ыбышева* сұлулық құпияларымен бөлісті. Олар күндізгі макияж үлгілерін көрсетіп, күнделікті тері күтімі мен макияжға арналған қылқаламдарды қалай таңдау және пайдалану керек, сондай – ақ, әрбір қыз баласының гардеробында болуға тиіс негізгі киімдер мен аксессуарлар туралы толық мағмұлат берді. *Анастасия Иванова* әрбір қатысушыға негізгі макияж түрлерін жасап көрсетті.

"Жақия" қайырымдылық қорының атынан тәрбиеленушілерге күнделікті қолдануға арнаған косметикалар табыс етілді.



Балаларға кәсіптік бағдар беру.

31 наурыздан бастап «Мамандықтар әлемінде» жобасы жүзеге асырылды. «Исткомтранс» ЖШС – тің вагондық экономика бөлімінің басшысы *Цхай Виктор Петровичпен* кездесу өтті. Виктор Петрович жоғарғы сынып оқушыларына теміржолшы қызметінің бар сырын егжей – тегжейлі түсіндірді.



Кальменов Марат Ерғалиұлы, «KEGOC» Қазақстан Электр желілерін басқару компаниясының АҚ өкіл директоры табыс пен табысты адамдар жайында әңгімелеп, мақсат пен оған жету жолында өзін – өзі жетілдіру мен үздіксіз білім алу аса маңызды екенін сөзіне тиек етті. Сонымен қоса, эмоционалдық сауаттылық пен коммуникативтік дағдылардың да зор ықпалы бар екенін айта кетті.

"Исткомтранс" ЖШС – нің қаржы директоры *Кожабергенов Әділжан Ахметұлының* «Қаржылай басқару» тақырыбында өрбіткен әңгімесі балаларға ерекше ұнады. Қаржыны қалай басқару және қалай көбейтуге болатындығы туралы біраз ақпараттар беріліп, талқылау қызықты өтті.



№2 балалар үйінде "Исткомтранс" ЖШС – нің заң бөлімінің директоры *Максими Мартыновский* балаларды заңгер мамандығымен таныстырды. Балаларға бұл мамандықтың түрлі салаларын, әр түрлі деңгейлерін, қыр – сырын игеру қызықты болды.

Жалпы, қандай мамандықтың болмасын өзінің қиындығы мен қызығы қатар жүреді. Сондықтан әркім өзі таңдаған саласын сүйіп, құлшыныспен әрекет етуі тиіс. Себебі, саналы ғұмырымыздың біраз бөлігі күнделікті жұмысымызбен байланысты.

Жаңа жылдық сыйлық!

2014 жылдың желтоқсан айының 18 күні сағат 16 – 00 - де №1 балалар үйінде "Жақия" қайырымдылық қорының *Оқу орындарын қолдау* бағдарламасы аясында балаларға арналған Жаңа жылдық құттықтау кеші танымал актрисалар – **Әсел Сағатова мен Қарлығаш Мұхамеджанова** және әйгілі fashion-дизайнер **Сәкен Жақсыбаевтың** қатысуымен өтті.

Бұл бағдарламаның *басты мақсаты* - балалардың мемлекеттік стандартқа сай бірыңғай білім алуы мен әлеуметтік қамтамасыз етілуі үшін мемлекеттік мекемелерге *адресті қаржылай көмек көрсету*.



Бұл бағдарлама бойынша біздің "Жақия" қайырымдылық қоры екінші жыл қатарынан балалар үйінде "Күлкінді сыйла" стоматологиялық көмек көрсету бағдарламасының нәтижелі қорытындысы ретінде Жаңа жылдық құттықтау кеш өткізді.

Жоба үйлестірушісі **Жадыра Жұмақызының** айтуынша, " *Жыл сайын балалар Жаңа жыл алдында Аяз атаға түрлі тілектерін білідіріп хат жазады. Сол тілектердің орындалуына біз Қор жанаашырларымен, еріктілермен бірге ат салысамыз. Биылғы жылы сол тілектердің іске асуына «Исткомтранс» ірі ЖШС – нің тату ұжымы мен қорымыздың жанаашыр достары зор ықпалын тигізді.* "

Іс-шара кіші топтардағы бүлдіршіндердің керемет биі мен **Сарсенова Изада апаның** құттықтау тілегімен басталып, топтарға сыйлық таратумен ұласты.

Әрине, кеш қонақтарымен сыр – сұхбат та назардан тыс қалмады. **Әсел Сағатова мен Қарлығаш Мұхамеджанова, Сәкен Жақсыбаев** өздерінің өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп, балаларды болашаққа қанаттандырды. Сонымен қоса, ізгі тілектерін айтып, арнайы сыйлықтарын табыстады.

Осы орайда **Fashion – дизайнер Сәкен Жақсыбаев**: *"Бұндай кездесулер балалар үйінің тәрбиеленушілеріне қызықты жандармен пікір алмасуға зор мүмкіндік береді. Болашақ мамандықтарын таңдауға да өз ықпалын тигізуі мүмкін. Сондықтан осындай selfmadeperson кездесулер арқылы балалар болашақ тағдырларына деген жауапкершілікті сезініп, оны жарқын ету үшін білім мен еңбек жолында аянбай қызмет ету керектігін ұғынады"*, - деп ұйымдастырушыларға өз ризалығын білдіріп, ойымен бөлісті.

*"Мен Жаңа жылдық мерекені №1 балалар үйінің балаларымен бірге тойлағанымға қуаныштымын. Концерттік бағдарламаны тамашалап, балалармен жақын таныстықтан керемет әсер алдым. Барлық балаларға мен зор денсаулық тілеймін және тілектерінің орындалуын қалаймын. Бұл игі істің негізін қалап, балалармен жұмыс жасап, оларға қолдау көрсетіп жүрген "Жақия" қайырымдылық қорына, әсіресе, **Шолпан Сарсеноваға** осындай мейірімділігі мен кең пейілділігіне сүйсініп, ерекше алғысымды білдіргім келеді"* – дейді **танымал актриса Әсел Сағатова**.



Мерекеді балалар өздерінің өнерлерімен қонақтарды тамсандырды. Барлық балаларға қордың атынан сыйлыққа жылы қысқы етіктер тарту етілді.

Іс – шараға «Исткомтранс» компаниясының қызметкерлері, Қордың жанапшырлары мен **Сарсенова Изада ана мен Сарсенова Шолпан ханым** қатысты.

Бенефициарларымызға әр түрлі көмек көрсету шаралары

"АЛЬФА-СТОМ" компаниясының атынан №1 Алматы облыстық балалар үйінің мектеп жасына дейінгі балаларына LACALUT топтамалары табысталды.



№1 балалар үйіне жеткізілген **азық - түліктер**: 80 литр айран, жемістер мен көкөністер.

«БОТА» қоғамдық қорының атынан №1 және №2 балалар үйіне *жиһаздар* сыйға берілді.

"Аутизм: балаларға арналған жаңа мүмкіндіктер"

I Халықаралық "Аутизм: балаларға арналған жаңа мүмкіндіктер" ғылыми – тәжірибелік конференциясында Жақия қайырымдылық қоры демеуші ретінде қатысып, 1 000 000 теңге қаржы аударды.



Кері байланыс:

SOS балалар қалашығының бейне – пікілері:

<https://www.youtube.com/watch?v=8wUYaWwCeew>

Жыл сайын өткізілетін «Алтын жүрек» Ұлттық қоғамдық жүлде тағайындау рәсіміне қатысу

Сарсенова Шолпан Оңласбекқызына алғыс хат табысталды.

Қызметкерлердің біліктілігін арттыру

Сабирова Жадыра - жоба үйлестірушісі, Тұңғыш Президентінің Қоры ұйымдастырған *X Әлеуметтік идеялар мен жобалар мерейтойлық жәрмеңкесінің*, Алматы Ақпараттық ресурстар орталығының *«Жоба дайындау үшін негізгі ережелер»* семинарының, *Әйелдер көшбасшылығы мектебінің*, I Халықаралық *"Аутизм: балаларға арналған жаңа мүмкіндіктер" ғылыми – тәжірибелік конференциясының* белсенді қатысушысы;

Ақпараттық жұмыс:

БАҚ жарияланымдарына сілтемелер:

http://forbes.kz/news/2014/04/28/newsid_56994

<http://detki.kz/news/kompaniya-istkomtrans-predstavlyaet-blagotvoritelnuyu-akciya-v-mire-professiy-v-detskom-dome>

http://news.headline.kz/chto_v_strane/kompaniya_istkomtrans_ischet_no_vyie_kadryi_v_shkolah-internatah_.html

<http://kupon-pv.kz/node/10480>

<http://detki.kz/news/obshchestvennyy-fond-zhakiya-podvel-itogi-konkursa-detskogo-risunka-podari-ulybku-startoval-v>

http://forbes.kz/news/2014/06/04/newsid_60162

<http://news.rambler.ru/25392806/>

<http://www.zhanashyr.com/archives/4607>

<http://modelnyeagentstva.com/modelnye-agentstva/darim-ulybki>

<http://stomatology.kaznmu.kz/стоматологический-факультет-принял/>

<http://www.sos-kazakhstan.kz/?n=11&l&a=niew&nid=144>

http://express-k.kz/show_article.php?art_id=102519

Инстаграм желісіндегі аккаунт <http://instagram.com/zhakiya.kz/>

«Бүкіл отбасы үшін әлеуметтік инновациялар» атты жобалар каталогіне ендік.

(қоса (р.21)

Алматы Ақпараттық ресурстар орталығы арқылы жаңалықтар тасымалданады.

Мерекелер мен ілеспе шығындардың қаржылық есебі тіркелген.

Президент *"Жақия" Қайырымдылық қоры"*
Қоғамдық қоры

Первеев Д.Г.